

Қожа Ахмет Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университеті
Шымкент кампусы
«Жоғары медициналық білімнен кейінгі білім беру» факультеті
«Акушерлік - гинекология» кафедрасының тәрбие жұмысының
№7 хаттамасы

02.04.2024ж

Кафедра мәжілісіне қатысқандар:

Каф.меңг.доцент., Л.М.Бегімбекова, Р.Я.Утепова, А.Ж.Даниярова, М.А.Жапар, Г.А.Муздыбаева, Э.Н.Алиева, И.С.Саркулова, Н.А.Бархыбаева, М.А.Байбосын, А.А.Мусаев.

Білім алушылар: РАГҚ-3 курс резиденттері.

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Бос орындар жәрмеңкесін ұйымдастыру.

1.Тыңдалды: Кафедра кафедра меңгерушісі Л. М. Бегімбекова сөз алды. 2024 жылдың 2-сәуір күні Шымкент қаласында Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің тапсырмасымен Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Шымкент кампусында министрліктің өкілі қатысуымен бітіруші түлектер арасында жұмысқа орналастыру және бөлу мақсатында «Бос орындар жәрмеңкесі» өткізілдігін, күн тәртібінде: Түлектерді бос жұмыс орындармен таныстыру. Жұмыс орындарына бітіруші студентпен 3 жақты келісім жасалатындығын мәлімдеді.

Бірнеше жыл қатарынан Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті Шымкент кампусының түлектеріне арналып жұмыс берушілердің шақырылуымен өткізіліп отырған бұл іс-шараның негізгі мақсаты-жұмыс берушілер мен жоғарғы білім беру орындары арасында әріптестікті нығайтып, бітіруші түлектерді болашақта мамандықтары бойынша тұрақты жұмыспен қамту және «Дипломмен-ауылға» мемлекеттік бағдарламасын іске асыру болып табылады.

2024 жылы Шымкент кампусында 347-интерн және 60-резидент бітіргелі отыр. Осы түлектерге жұмыс берушілердің қатарында Түркістан облысы бойынша облыстық, қалалық ауруханалар мен емханалардан бастап, Түркістан облысының барлық аудандық емханалар мен ауруханалардың өкілдерімен қатар, көршілес Актау, Ақтөбе Павлодар облысы аудандарының, Қостанай облысының да медициналық мекемелерінен өкілдер іс-шараға қатысып, бітірушілерге өз мекемелерінен бос жұмыс орындарын ұсынды.

Жәрмеңке нәтижесі бойынша, барлығы 98 бітіруші түлектер төмендегідей көрсетілген Денсаулық сақтау ұйымдарына тіркеліп, келешекте сол жаққа барып жұмыс жасайтын болып 3 жақты келісім шарт жүзеге асырды. Атап айтсақ, Солтүстік Қазақстан облысына – 10 интерн, Қарағанды облысына - 5 интерн, Қостанай облысына -9 интерн, Тараз қаласына -5 интерн, Жамбыл облысы Талас ауданына – 12 интерн, Шу ауданына-2 интерн, Ұлытау облысына-3 интерн, Маңғыстау облысына-2 интерн, Ақмола облысына- 4 интерн, қалғандары Түркістан облысының облыстық, қалалық, аудандық ауруханалар мен емханаларында жұмысқа орналасатын болып келісілді.



Шешім: Мәлімет назарға алынсын.

Кафедра меңгерушісі:

Л.М.Бегімбекова

Тәрбие жұмысына жауапты:

Н.А.Бархыбаева